



Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
2019 жылғы «25» маусым
№ 104-848 қаулысына
2-қосымша

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№ 2 арнайы мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ЖАРҒЫСЫ

1. Жалпы ережелер

1. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№ 2 арнайы мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Мекеме) коммерциялық емес, заңды тұлға мәртебесіне ие, ұйымдық-құқықтық нысанында білім беру функцияларын жүзеге асыру үшін құрылған, кешенді түрде педагогикалық, медициналық, құқықтық шаралары мүмкіндігі шектеулі балаларды дамыту мен оқытуы қолдауға бағытталған.

2. Мемлекеттік мекеменің түрі: коммуналдық.

3. Мекеме Облыстық атқару комитетінің 1974 жылғы 26 сәуірдегі №12/4 «Сегіз жылдық № 26 мектепті №2 көмектес мектеп-интернатына» қайта ұйымдастыру туралы шешімінің сәйкес қаулысының негізінде құрылған.

4. Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі (бұдан әрі – әкімдік) Мекеменің құрылтайшысы, сондай-ақ оның мүлкіне қатысты құқығының субъектісі функцияларын жүзеге асыратын орган болып табылады.

Мекемені басқаруды жүзеге асыратын орган «Нұр-Сұлтан қаласының Білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – уәкілетті органы) болып табылады.

5. Мекеме өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Білім туралы», «Қазақстан Республикасының бала құқығы туралы», «Мүмкіншіліктері шектелген балаларды әлеуметтік және медицина-педагогикалық түзете қолдау туралы» заңдарын, Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілерін және осы Жарғыны басшылыққа алады.

6. Мекеменің толық атауы: Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№ 2 арнайы мектеп» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Мекеменің қысқартылған аталуы: Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№ 2 арнайы мектеп» КММ.

7. Мекеменің заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 010000, Нұр-Сұлтан қаласы, «Сарыарқа» ауданы, Жангелдин көшесі, 9.

2. Мекеменің заңдық мәртебесі

8. Мекеме ол мемлекеттік тіркеуден өткен кезден бастап құрылды деп есептеліп, заңды тұлғаның құқықтарына ие болады.

9. Мекеменің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дербес теңгерімі, Қазақстан Республикасы Қаржы министрілігінің Қазынашылық органдарында есеп шоттары, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген және Мекеменің атауы жазылған бланкілері, мөрлері болады.

10. Мекеме басқа заңды тұлғаны құра алмайды, сондай-ақ оның құрылтайшысы (қатысушысы) бола алмайды.

11. Мекеме өзінің міндеттемелері бойынша өзінің кепілдігіндегі ақшамен жауап береді. Мекемеде ақша жеткіліксіз болған кезде оның міндеттемелері бойынша субсидиялық жауапкершілікті тиісті бюджет қаражатымен әкімшілік-аумақтық бірлік көтереді.

12. Мекеменің азаматтық-құқықтық мәмілелері олардың Қазақстан Республикасы Қаржы министрілігінің аумақтық қазынашылық бөлімшелерінде міндетті түрде тіркелгенінен кейін күшіне енеді.

3. Мекеме қызметінің мәні, мақсаттары мен түрлері

13. Мекеме қызметінің мәні: ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға бастауыш, негізгі орта білім беру саласындағы білім беру қызметі.

Мекеменің қызметі: ізгіліктік, демократия, жалпыға қолжетімділік білім беру, бейімделген деңгейлі білім беру жүйесі, тәрбиеленушілердің даму ерекшеліктеріне және дайындықтарына, азаматтық құндылық басымдылығы, адам өмірі мен денсаулығы, азаматтық, жеке бас бостандығы, дербестік және зайырлы білім беру түріне негізделген.

14. Мекеме қызметінің мақсаты:

1) әрбір баланың ерекшелігіне қарай және тұтас алғанда жеке басын ескере отырып, түзету-педагогикалық орта құруда жайлы жағдай туғызу;

2) оқушылардың потенциалына сәйкес және оның жеке тұлғасының одан әрі дамуын қамтамасыз ететін білімділік деңгейіне жеткізу, оның оналуы, әлеуметтендірілуі және ортаға енуі.

15. Мекеменің негізгі міндеттері:

1) арнаулы білім беру қажеттіліктері бар балалардың жалпылай қолжетімді және тегін білім алуындағы құқықтарын жүзеге асыру;

2) әлеуметтік қамсыздандыруды қамтамасыз ету, арнайы білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқытуға арналған арнайы денсаулық сақтау шараларын құру;

3) зердедегі бұзушылықтары бар балаларға бекітілген бастауыш және негізгі білімнің үздіксіздігін қамтамасыз етуі ескерілген білім берудің

мемлекеттік жалпыбілімдік стандарты негізінде оқу жоспарына және оқу бағдарламаларына сәйкес оқу-тәрбие барысын жүзеге асыру;

4) азамтшылдықты және отаншылдықты, өзінің Отанына- Қазақстан Республикасына деген махаббатты, мемлекеттік рәміздерге деген құрметті, халық дәстүрлеріне деген ізет тұтуды тәрбиелеу;

5) оқушының жеке басының толық дамуы, әр баланың денсаулығы мен өмірінің сақталуы, оның рухани тыныштығы мен амандығының сақталуы мақсатында отбасымен өзара қатынасу;

б) қоршаған табиғатқа құрметпен қарауға тәрбиелеу.

16. Мекеме қызметінің түрлері:

1) арнаулы қажеттіліктері бар (зердедегі бұзушылықтары бар) оқушылар үшін арнайы бағдарламаларды жүзеге асыру;

2) арнайы білім беру, жалпы және жастық психология саласында ата-аналарға кеңес беруді ұйымдастыру;

3) оқушылардың әлеуметтік-құқықтық қорғалуы;

4) қосымша білім беруді жүзеге асыру, оқушылардың бос уақыттарын ұйымдастыру, мәдени-көпшілік шараларды өткізу;

5) мұғалімдерге арналған семинарлармен конференциялар өткізу;

б) оқушылардың арнайы конкурстармен олимпиадаларға қатысуы;

7) Қазақстан Республикасының Үкіметімен белгілеген тәртіппен ақылы білім беру қызметін көрсету болып табылады.

17. Ата-аналардың тілегі бойынша білім беру мекемесі және медициналық сипаттағы ақылы қызметтер көрсете алады. Ақылы қызмет көрсетуді жүзеге асыратын Оңалту орталығының өзара қарым-қатынасы білім беру деңгейін, оқыту мерзімін, ақы және басқа да шарттар мөлшерін анықтайтын шартпен реттеледі.

18. Мекемеге Жарғыда бекітілген өз қызметінің мәні мен мақсаттарына сай келмейтін қызметті жүзеге асыруға, сондай-ақ мәмілелер жасауға тыйым салынады.

19. Мекеменің Қазақстан Республикасының заңдарымен немесе құрылтай құжатымен белгілі бір деңгейде шектелген қызмет мақсаттарына қайшы келетін не басшының жарғылық құзыретін бұза отырып мәміле жасасуы уәкілетті органның немесе мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті органның не прокурордың талап арызы бойынша жарамсыз деп танылуы мүмкін.

4. Мекемеде білім беру үдерісін ұйымдастыру

20. Мекемеде білім беру үдерісінің ұйымдастырылуы зердеде бұзушылығы бар балаларды оқыту және дамытуға бағытталған және мемлекеттік мекеме басшысымен бекітілген Қазақстан Республикасының білім берудің мемлекеттік жалпылай міндетті стандарттары негізінде

әзірленген оқу бағдарламасы мен арнайы жалпыбілімдік бағдарламалар негізінде жүзеге асырылады.

21. Мекемеде оқыту және тәрбиелеу мемлекеттік және орыс тілінде жүргізіледі, және екі сатыдаен тұрады: бастауыш және негізгі білім.

Бастауыш білім негізгі жалпы білім алудың негізі болып саналады. Бастауыш білім беру үдерісінде бала жеке тұлғасының жан-жақты психологиялық-медициналық-педагогикалық зерттелуі жүзеге асырылады. Кіші оқушыларды оқу әрекетшілдік дағдылары, дербестік қалыптасады. Жалпы және сөйлеу дамуында, моторикасындағы бұзушылықтарын түзету, зердеде және эмоциялық-еріктік саласындағы ауытқушылықтары, балалардың мінез-құлқысы бойынша жұмыстар жүргізіледі.

Негізгі орта білім балалардың тәжірибелік бағыты бар және олардың психофизикалық мүмкіндіктеріне сәйкес келетін жалпыбілімдік дайындықты алуын қамтамасыз етеді. Түрлі спорттарға дағдылары қалыптасады, бастауыш кәсіби-еңбек дайындығы жүзеге асырылады.

Сәйкес материалдық-техникалық, бағдарламалық-әдістемелік және кадрлық жағдайлардың бар болған жағдайда білім беру ұйымдарында терендетілген кәсіби-еңбек дайындығымен 10-шы өндірістік сынып ұйымдастырылады.

22. Мекемеде білім берудің мазмұны түзету ұйымымен өздігінен қабылданатын және жүзеге асырылатын, тәрбиеленушілердің психофизикалық дамуының және жеке ерекшеліктеріне сүйене отырып әзірленетін арнайы білім беру бағдарламасымен анықталады.

23. Мекемеде оқу – тәрбие үрдістері дифференциалдық ұстаным негізінде және жеке қолдау, психологиялық – медициналық – педагогикалық әрі баланы танудағы клиникалық көрсеткіш себептері бойынша жүзеге асырылады.

24. Мекеме психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестің ұсынымдарын ескере және ата-аналардың (немесе оларды алмастыратын тұлғалар) келісімі бойынша отырып екі сатылы арнайы білім беру бағдарламасын жүзеге асырады.

Педагогикалық кеңестің шешімі бойынша ақыл-ойдың жеңіл және орташа мешеулігі бар оқушыларды біріктіріп оқытуға рұқсат беріледі.

25. Балалардың дамуындағы ауытқушылықтарды жетілдіру мақсатында Мекемеде логопедтің, дефектологтың, психологтың топтық және жеке түзету сабақтары жүргізіледі.

26. Білімдерін және біліктіліктерін бағалауға стандарт талабына сай емес тәсілдемені талап ететін арнаулы білім қажеттіліктері бар (зердедегі бұзушылықтары бар) балаларды оқытуды ізгілендіру және дараландыру қағидасын ұстанады.

Даярлық және 1 сыныптарда баллдық бағалар қойылмайды. Оқуда балалардың жоғарылау қорытындысы олардың нәтижелі әрекеттердің,

сөйлеудің даму деңгейінің, жазу жұмыстарының, суреттерінің, қолдан жасалған бұйымдарының талдамасы негізінде анықталады.

Осыған байланысты I-ші сатыдағы оқушылардың жетістіктердің баллдық бағалары критериялық болып табылады және де жеке мониторинг негізінде жүзеге асырылады. II-ші сатыдағы оқушылар жетістіктерін бағалауда білім беру үдерісін дараландыру үшін негізболып табылатын критериялық сипаттама бағасы қолданылады.

27. I-ші сатыдағы барлық түрдегі оқушылардың білімін бақылау (ауызша, жазбаша тәжірибелік) әдеттегі бес балдық шкала бойынша оқушының ынтасын арттыру құралы ретінде бағаланады.

28. Әр тоқсан соңында I-ші сатыдағы оқушыларға аралық бағалар қойылады, ал тоқсандық бағалау қорытындысы бойынша – жылдық бағалар. Қортынды баға «2» екінші оқу жылына қалдырылу бағасы болып саналмайды. ұйымдастырылуы

Зердеде бұзушылығы бар балалар келесі оқу жылына қалмайды.

29. Мекемеде оқыту I сатыдағы ой өрісі кем балалар үшін еңбекке баулудан қорытынды аттестациялаумен аяқталады. Оқушылар бітіру емтиханынан белгіленген тәртіп бойынша босатылады.

Арнайы мектеп бітірушілерге мемлекеттік үлгісіне сәйкес аттестат беріледі, мекеменің мөрімен құжат беріледі, оның нысанын білім беру басқармасы органдарының келісімі бойынша мектеп әзірлей алады.

30. Оқу жылындағы бағдарламаны меңгерген оқушылар педагогикалық кеңестің шешімімен келесі сыныпқа көшіріледі. Оқу бағдарламасын меңгере алмаған оқушылар қайта оқуға қалдырылмайды, жеке бағдарлама бойынша оқытумен келесі сыныпқа көшіріледі.

Жазғы еңбек тәжірибесі оқу жылының аяғында және мектеп негізінде әр оқушының әлеуметтік және психофизикалық ерекшеліктерін ескере отырып жүзеге асырылады. Тәжірибенің мерзімі мен өтілу тәртібін мектептің Педагогикалық кеңесі анықтайды.

31. Оқушыларды оқыту тәртібі:

1) оқу жылының, демалыстың басталуы және ұзақтығы мемлекеттік мекемеде барлық жалпы білім беру мектептерінде қолданылатын мерзімдерге сәйкес бекітіледі;

2) оқу аптасының ұзақтығы 5 күн;

3) сабақ ұзақтығы: 1 сыныпта I жарты жылдық - 30 минут, II жарты жылдықта және барлық келесі сыныптарда – 40 минут;

4) сабақ кестесі, сабақ пен сабақ арасындағы үзіліс ұзақтығы, күн тәртібі жетекшімен тағайындалатын сабақтар тәртібі мен күн тәртібімен бекітіледі.

5) ұйымның жұмыс ұзақтығы күндізгі сағат 8.00-ден 17.00-ге дейін, жеке психофизикалық сипаттамаларына бар оқушылардың негізінде. Оқудан кейін студенттер демалып, түзу-дамытушы сабақтарды өткізеді, үй тапсырмаларын жасайды, арнайы бағдарламалар бойынша қосымша, шығармашылық жұмыс жасайды, қосымша жеке сабақтарды жүргізеді.

32. «Түзету технологиялары» циклі сабақтары – «Түзету ритмикасы», «Сөйлеу дамуының кемшіліктерін түзету» (логопедиялық сабақтар), «Танымдық әрекеттерді түзету» «Емдік дене шынықтыру» - бірінші және екінші аусымда өткізіле алады. Жеке және топшалардық түзету сабақтарының ұзақтығы – 20-25 минут. Топшалар сөйлеу және психофизикалық бұзушылықтардың біркелкілігін ескере отырып толымдалады. Емдік дене шынықтыру сабақтарына арналған топтар дәрігердің ұсыныстарын есепке алумен толымдалады. Түзету компоненттері сабақтары бойынша жетістіктерді бағалау баллмен қойылмайды, ол сипаттама түрінде болады.

Сөйлеу дамуының кемшіліктерін түзету сабақтары жеке және топта өткізіледі. Топтар сөйлеу бұзушылықтарының біркелкілігін ескере отырып толымдалады.

Танымдық әрекеттерді түзету бойынша сабақтарды психолог немесе дефектолог мұғалімі топта және жеке жүргізеді.

Ритмика сабақтары топтарға бөлінбей жүргізіледі.

33. Еңбекке баулу және әлеуметтік–тұрмыстық бағыт сабағында оқушылар 2 топқа бөлінеді.

34. Үйде оқыту – баланың үй жағдайында алатын білім беру түрі, ал оқыту барысы арнайы білім бағдарламалары негізінде құрылған жеке бағдарлама бойынша жүзеге асырылады.

35. Мекемеде ең жоғары деңгейдегі ықтималдылықпен әлеуметтік бейімдеу, әлеуметтік интеграция барысына енгізу және эмоционалдық-еріктік саласындағы және мінез-құлқындағы бұзушылықтары бар (аутистикалық спектрдағы бұзушылықтары бұзушылықтары бар, күрделі бұзушылықтарымен (бекітілген тәртіпте расталған психикалық және (немесе) физикалық жетіспеушіліктердің кез-келген үйлесімде) балалардың тұлғалық өзін-өзі таныту мақсатында эксперименталдық арнайы сыныптар құрылады, үйден оқытылатындарға мектептің салалық мамандары кеңестерді береді, және оқу уақытынан тыс шараларға қатыстырылады.

Арнайы тәжірибелік эксперименталдық сыныптарға оқушылардың саны 4-6 адамнан аспау қажет. Сабақтар тәртібі тәрбиеленушілердің көтеріңкі шаршағыштықты және өнімділіктің төмен деңгейін ескере отырып тағайындалады.

36. Мекемедегі білім беру мен тәрбие жүйесі зайырлы сипатты құрап, діни және діни бірлестіктердің жұмысынан бөлек.

Білім беру ұйымдарында нәсілдікті, этникалық, діни, әлеуметтік ымырасыздық пен өзгешелікті насихаттауға, жалпы танылған халықаралық құқық принциптеріне және гуманизміне қайшы келетін милитаристік және басқа да идеяларды таратуға тыйым салынады.

5. Ақылы білім беру қызметтерін көрсету тізбесі мен тәртібі

37. Мекеме мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарынан тыс мыналарды:

- 1) қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру;
- 2) оқу жоспары мен бағдарламасымен бөлінген сағат санынан тыс пәндер бойынша(пәндер мен пәндер циклі) жекелеген оқушылармен қосымша сабақтар ұйымдастыру;
- 3) үйірмелік қызметті (базистік оқу жоспарының шеңберінен тыс) ұйымдастыру және өткізу;
- 4) музыкалық аспаптарды және қосымша интернет-байланыс қызметтерін пайдалануға беру;
- 5) жазғы демалысты ұйымдастыру, Мекемеде өткізілетін түрлі іс-шараларға қатысушыларды, оқушыларды азық-түлікпен қамтамасыз ету бойынша ақылы қызмет көрсетуге құқылы.

38. Ақылы білім беру қызметін көрсету тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайды.

39. Мекеме ақылы қызметтің құнын Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және Уәкілетті органмен келісе отырып бекітеді.

40. Ақылы білім беру қызметі мемлекеттік білім беру тапсырысы шеңберінде қаржыландырылатын негізгі білім беру қызметінің орнына көрсетілмейді.

41. Ақылы білім беру қызметі оқушыларға Мекеме мен ата-аналар (заңды өкілдері) арасында жасалатын шарттар негізінде жеке кесте бойынша ата-аналардың (заңды өкілдерінің) қалауы бойынша беріледі.

42. Ақылы білім беру қызметтерін іске асыруға байланысты Мекеме мен оқушылар, оның ата-анасының және өзге де заңды өкілдерінің арасындағы қарым-қатынас білім беру деңгейін, оқу мерзімін, оқуы үшін төлем мөлшерін айқындайтын шартпен реттеледі.

Тәрбиелеу-білім беру қызметтерін көрсетуге арналған шарттың (бұдан әрі – Шарт) Тараптары тәрбиелеу-білім беру үрдісіне қатысушылар: басшының тұлғасында Мекеменің әкімшілігі, ата-аналар немесе олардың заңды өкілдері болып табылады.

43. Ақылы қосымша білім беру қызметтерін көрсетуден түскен қаражат, білім беру үдерісіне, оның ішінде оқу жабдықтарын алуға, Мекеменің қызметкерлеріне әлеуметтік және материалдық қолдау көрсетуге қайта инвестициялануы мүмкін.

6. Мекемені жинақтау тәртібі

44. Білім беру мекемесіне психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестің (әрі қарай - ПМПК) қорытындысы негізінде арнайы білім беру

ұйымдарына оқушыларды қабылдау туралы мемлекеттік қызмет көрсету стандартына сәйкес зердедегі бұзушылықтары бар балалар қабылданады.

Үйден оқытуға қабылдау тегін жеке оқытуға оқушыларды қабылдау туралы мемлекеттік қызмет көрсету стандартына сәйкес ПМПК және ДКК қорытындылары негізінде жүзеге асырылады.

Бірінші сыныпқа 7-9 жастағы балалар қабылданады.

Оқу жасының шегі – 18 жас.

45. Мекемеге қабылдаудағы медициналық көрсеткіштері:

- 1) ой мешеулігінің асқынбаған түрін қамтитын жеңіл ой мешеулігі;
- 2) инфекция, интоксикация, жарақат салдарынан болатын интеллектуалдық жетіспеушілік,
- 3) эпилептикалық деменция, психопатиялық бұзушылығы жоқ ерте жастағы аутизм, жеңіл ой мешеулігіне сәйкес келетін интеллектуалдық жетіспеушілік;

Ескерту: көрсетілген бұзушылықтары бар балалар I сатылы оқу бағдарламасы бойынша оқытылады.

4) ақыл жұмыс қабілетінің, зейіннің, сөйлеудің бұзушылықтарымен асқынған ой мешеулігі;

5) ең төмен мінез-құлық бойынша бұзушылықтары бар жеңіл ой мешеулігі;

б) орташа ой мешеулігі;

Ескерту: көрсетілген бұзушылықтары бар балалар II сатылы оқу бағдарламасы бойынша оқытылады.

46. Балаларды бекітілген тәртіппен қабылдау үшін жетекші дербес түрде жауапты болады.

47. Егер оқыту барысында баланы басқа арнайы немесе жалпы білім беру ұйымдарына ауыстыру қажеттілігі айқындалса, мектеп (мектеп психологиялық-медициналық-педагогикалық консилиумы) оның ПМПК-да қайта қаралуы үшін құжаттарды және сәйкес ұсынысты (консилиум қорытындысы) әзірлеуі міндетті.

48. II сатылы сыныптар мекемеде жоғарыдағыдай балалардың келуіне қарай білім беру үдерісі жағдайындағы психологиялық-медициналық-педагогикалық бақылау барысында толықтырылады.

49. Білім беру үдерісін басқару және қамтамасыз ету Мекемеде арнайы педагогтармен (дефектологтармен, олигофренпедагогтармен, логопедтермен) және «Дефектология» мамандығы бойынша қайта даярлаудан өткен мұғалімдермен жүзеге асырылады.

50. Білім беру үдерісін қамтамасыз ету Мекемеде ұйым штатына енетін психолог жүзеге асырады;

51. Оқушылар денсаулығының қорғалуына және олардың психофизикалық жағдайдың нығаюына, Әкімшілікпен бірлесіп диспансеризацияға, алдын-алу шараларын өткізуге жауапты және санитарлық-гигиеналық және эпидемияға қарсы тәртіптеме сақтауын, физикалық тәрбие

мен шынықтыруды, тамақтануды, соның ішінде диеталық тамақтануды, қадағалайтын штаттық медициналық қызметкерлер Мекемедегі медициналық қамтамасыздандыруды жүзеге асырады.

52. Медициналық қызметкерлер тәрбиеленушілердің денсаулығын және оның даму ерекшеліктерін ескере отырып жеке және дифференциалды тәртіптеме ұйымдастыруда педагогтарға көмек көрсетеді, оларға медициналық-педагогикалық түзету бойынша, еңбекке баулу бағытын таңдау, кәсіби бағытталуда, сонымен қатар ата-аналарға да (заңды өкілеттеріне) сырқаттарды алдын-алу мақсатындағы үй жағдайында сақтану тәртіптемесін сақтау бойынша нұсқаулар береді.

53. Мекемеде дәрі-дәрмекті және физиотерапевтикалық ем, климаттық ем және шынығу, емдік дене шынықтыру, психотерапия шаралары өткізіледі.

54. Мекемеге қабылдау мемлекеттік қызмет көрсету стандартына сәйкес қажетті құжаттарды тапсырумен баланың ата-анасының (заңды өкілеттерінің) жазбаша өтініші негізінде жетекші бұйрығымен рәсімделеді.

55. Мекеме оқуға түсетін баланы және оның ата-анасын (заңды өкілеттерін) осы Жарғымен және Мекемеде білім беру үдерісінің ұйымдастырылуын реттемелейтін өзге құжаттармен таныстырады.

56. Мекемедегі сынып саны берілген өтініштер саны және санитарлық-гигиеналық ережелерді ескере отырып білім беру үдерісін жүзеге асыру үшін жасалған жағдайларға байланысты.

Мекеме сыныбында оқушылар саны арнайы білім беру ұйымдары қызметінің Үлгілік ережелерінде көрсетілген мөлшерінен тыс шықпау тиіс.

57. Оқушылардың Мекемеден шығарылу тәртібі жетекшінің бұйрығымен келесі негіздерде рәсімделеді:

1) ата-ананың еркімен оқуды басқа оқу орнында жалғастыру үшін оқушының тиісті басқа оқу орнына қабылдану құжаттарын берген кезде;

2) мектеп әкімшілігінің өтінішхаты негізіндегі психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңестің шешімі бойынша;

3) он алты жасқа дейінгі балалардың құқыққа қайшы әрекеттер жасағаны үшін, осы Жарғының дәрекі және бірнеше реттік бұзуы үшін Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес және мемлекеттік басқару органымен келісімі бойынша;

4) жетім балалар және ата-ана қамқорынсыз қалған балаларды шығару бойынша шешімдер қамқорлықшылық және қорғаншылық органдарының келісімі бойынша.

7. Мекемені басқару

58. Мекемені жалпы басқаруды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалған уәкілетті орган жүзеге асырады.

59. Әкімдік Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) Мекеменің атына мүлікті бекітеді;
- 2) Мекеме Жарғысын, оған енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды бекітеді;
- 3) Мекемеге берілген мемлекеттік мүлікті немесе оның жеке шаруашылық қызметінің нәтижесінде сатып алынған мүлікті алу және қайта бөлу бойынша уәкілетті органға келісім береді;
- 4) Мекемені қайта құру және тарату туралы шешім қабылдайды;
- 5) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

60. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- 1) Мекеменің жеке қаржыландыру жоспарын бекітеді;
- 2) Мекеме мүлкінің сақталуына бақылау жүргізеді;
- 3) Мекеменің құрылымын, қалыптастыру тәртібін және басқару органдары құзыретінің мерзімін, Мекеменің шешімдерді қабылдау тәртібін анықтайды;
- 4) Мекеме басшысының құқықтарын, міндеттері мен жауапкершілігін, оны лауазымынан босату негіздемелерін анықтайды;
- 5) педагог қызметкерлерге бірінші, жоғары, сарапшы-педагог, зерттеуші-педагог, шебер-педагог біліктілік санаттарын береді және растайды;
- 6) Мекеменің құрылымын және шекті штат санын бекітеді;
- 7) Мекеме қызметінің басымдық бағыттарын айқындайды;
- 8) мемлекеттік мекеме басшысының ұсынымы бойынша оның орынбасарын (орынбасарларын) лауазымға тағайындайды және лауазымынан босатады;
- 9) жылдық қаржы есебін бекітеді;
- 10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

61. Мекеме басшысы қызметке конкурстық негізде тағайындалады және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларды қоспағанда, Уәкілетті орган оны қызметтен босатады.

62. Мекеме басшысы Мекеменің жұмысын ұйымдастырады және басқарады, Уәкілетті органға тікелей бағынады (Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген жағдайды қоспағанда) және Мекемеге жүктелген міндеттерді орындауда және оның өз функцияларын жүзеге асыруда жеке жауаптылық артады.

63. Мекеме басшысы Мекемеде сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекетті ұйымдастыруға дербес жауаптылық артады.

64. Мекеменің басшысы жеке-дара қағидаттарында әрекет етеді және Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен айқындалатын өз құзыретіне сәйкес Мекеме қызметінің мәселелерін дербес шешуді жүзеге асырады.

65. Мекеме басшысының Мекеменің атымен жарғылық емес қызметті жүзеге асыруға бағытталған әрекеттері еңбек міндеттерін бұзу болып табылады және тәртіптік, әрі материалдық жауапкершілік қолдануға әкеп соғады.

66. Мекеменің қызметін жүзеге асыру кезінде Мекеме басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

- 1) Мекеменің атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 2) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда Мекеменің мүддесін қорғайды;
- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шектерде Мекеменің мүлкін басқарады;
- 4) шарттар жасайды;
- 5) сенімхаттар береді;
- 6) Мекеме қызметкерлерінің іссапарлары, тағылымдамалары бойынша, қазақстандық және шетелдік оқу орталықтарында оқуы және қызметкерлердің біліктілігін көтерудің өзге түрлерінің тәртібі мен жоспарларын бекітеді;
- 7) Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық органдарында есеп-шотын ашады;
- 8) Мекеменің барлық қызметкерлері үшін міндетті бұйрықтар шығарады және нұсқаулар береді;
- 9) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес Мекеме қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және олармен еңбек шарттарын бұзады;
- 10) Мекеменің қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен көтермелеу шараларын және тәртіптік жаза қолданады;
- 11) өз орынбасарының (орынбасарларының) және Мекеменің өзге де басшылық ететін қызметкерлерінің міндеттері мен өкілеттіктері аясын белгілейді;
- 12) Мекеменің сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етуі бойынша шаралар қабылдайды;
- 13) Қазақстан Республикасының заңнамасымен, осы Жарғымен және әкімдіктің өзіне жүктеген өзге де функцияларын жүзеге асырады.

67. Мекеменің алқалық басқару түрлері:

- 1) Педагогикалық кеңес;
- 2) Қамқоршылық кеңес;
- 3) Әдістемелік кеңес.

68. Педагогикалық кеңеске Мекеменің басшысы мен оның орынбасарлары, оқытушылар енеді, Мекеменің қызметіне әдістемелік басшылықты жүзеге асырады.

69. Педагогикалық кеңестің құзыретіне мыналар жатады: оқу жоспарлары мен бағдарламаларын бекіту, педагогикалық қызметтің негізгі бағыттарын анықтау, жеке оқу жоспарларын бекіту, оқушыларды келесі сыныпқа көшіру, оқушылардың үлгерімі, мінез-құлқы және аттестаттау

мәселелерін талқылау, мемлекеттік мекеменің педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру, олардың шығармашылық бастамаларын дамыту, алдыңғы қатарлы тәжірибелерді тарату, педагог және басқа қызметкерлерді әртүрлі ынталандыруларға ұсыну бойынша жұмыстарды ұйымдастырады.

70. Қамқоршылық кеңесі еріктілік, тең құқылық, жариялылық пен алқалық принциптерімен қызмет ететін Мекемені басқарудағы стратегиялық орган болып табылады.

Қамқоршылық кеңесі Мекемені дамыту және тиімді қызмет етуіне көмек көрсету, елорда деңгейінің білім беру, ғылыми және мәдени орталығы ретінде елорданың қоғамдық-саяси өмірінде Мекеменің рөлін арттыру мақсатында құрылады. Қамқоршылық кеңес қоғамдық-кеңес беру органы ретінде жұмыс атқарады, Мекемені болашақта дамыту мәселелерін шешуге қатысады.

Мекеменің Қамқоршылық кеңесінің мүшелері қатысуы мүмкін:

1) Мекемені дамытуға бағытталған шараларды әзірлеуге және іске асыруға;

2) Мекеменің Педагогикалық кеңесінің отырыстарында;

3) Мекеменің басқада басқару органдарының жұмысына.

Қамқоршылық кеңестің негізгі міндеті өз құзыреті шегінде Мекеменің әкімшілігіне көмек көрсету болып табылады.

Қамқоршылық кеңестің өз құзыретіне жатады:

1) оқушылардың ата-аналарымен жұмыс жүргізуде Мекемеге көмек көрсету;

2) мектепшілік іс-шараларды ұйымдастыруға және өткізуге көмек көрсету;

3) Мекемеге материалдық қолдау мәселелерін шешу;

4) қаржылық мәселелерді шешу, яғни ата-аналардың жарналары бойынша смета шығындарын бекіту, ата-аналардың жарналарын жұмсауға қамқоршылық кеңестің ревизиялық комиссиясының бақылауға алуы және басқада қаржылық-материалдық мәселелерді шешу;

5) педагогикалық кеңеспен бірлесіп оқушыларды көтермелеу және жазаға тартумен байланысты мәселелерді шешу.

71. Әдістемелік кеңес ғылыми-әдістемелік тұрғысынан оқу үрдісін қамтамасыз етеді, практикалық-эксперименттік бағытта педагогикалық ұжымның қызметтерін дамытады және әдістемелік бірлестіктердің жұмысын қарастырады.

72. Мекемеде жыл сайын Мекеме басшысының бұйрығымен педагог қызметкерлерді олардың кәсіби қызметі ескеріле отырып, аттестаттаудан өткізетін аттестаттау комиссиясы құрылады.

8. Білім беру үдерісінде қатысушылардың міндеттері мен құқықтары

73. Білім беру үрдісіне қатысушылар оқушылар, Мекеменің педагогикалық қызметкерлері және оқушылардың ата-аналары (заңды өкілдері)

болып табылады.

74. Білім беру үдерісіне қатысушылардың құқықтары мен міндеттері «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, білім беретін мекемелердің үлгілік ережесімен анықталады.

Оқушылардың құқықтары мен міндеттері осы Жарғымен және оқушылардың тәртіп ережелерімен реттеледі.

75. Мекеменің оқушыларының құқықтары:

- 1) мемлекеттік білім беру стандартына сәйкес тегін жалпы білім алуға;
- 2) жалпы білім беретін мекеме кітапханасының ақпараттық қорын тегі пайдалануға, оқулықпен қамтамасыз етілуге басқа да қосымша қызмет алуға;
- 3) мекеменің басқару ісіне қатысуға;
- 4) адамгершілік қасиеттерді қастерлеуге, ар-ождан және ақпарат еркіндігі, өз көзқарасы мен мүдделерін ашық білдіруге;
- 5) абыройын, еркіндігін, өз денсаулығын, сақтауға;
- 6) оқуда, ғылыми және шығармашылық қызметтегі жетістіктері үшін көтермелеуге және сыйақы алуға құқылы.

76. Оқушыларды үгіт-насихат жүргізу жұмыстарына, саяси акцияларға мәжбүрлі тартуға жол берілмейді.

77. Оқушылар міндетті:

- 1) мекеме Жарғысын және оқушылар ережесін орындауға;
- 2) сабақты тиянақты қарауға, сабақты себепсіз босатпауға;
- 3) мекеме мүлкіне, техникалық оқыту құралдарына ұқыпты қарау, керек болған жағдайда сынып жиһазына шағын жөндеу жүргізу, мүлікті бүлдірген жағдайда ата-анасымен бірге келтірген зиянды толтыруға;
- 4) басқа оқушылар мен мектеп қызметкерлерінің ар-намысы мен қадыр-қасиетін сыйлауға, оларға зорлық және дөрекі қатынас жасамауға;
- 5) Мекемеде белгіленген мектептің бірыңғай киім үлгісін, сондай-ақ дене шынықтыру сабақтарында спорттық формасын сақтауға;
- 6) Жарғымен және ішкі еңбек тәртібі мен олардың құзырына жататын, мекеме қызметкерлерінің талаптарын орындауға міндетті.

78. Мекемедегі тәртіп оқушылар мен педагогтардың адамгершілік қасиеттерін сыйлау негізінде сақталады. Оқушыларға күш көрсету, санасына зорлық жасау әдістеріне жол берілмейді.

79. Ата-аналар (заңды өкілдер) мен Мекеменің арасындағы қарым-қатынастар осы Жарғының ережелерімен реттеледі.

80. Ата-аналар (заңды өкілдер) құқығы:

- 1) оқытудың түрлерін, жалпы білім беру мекемесін таңдауға;
- 2) баланың заңды құқығымен қызығушылығын қорғауға;
- 3) ата-аналар комитеті арқылы мемлекеттік мекемені басқару органдарының жұмыстарына қатысуға;
- 4) өз балаларының үлгерімі, тәртібі және оқу жағдайына қатысты ақпарат алуға;

5) оқушылармен жүргізілетін жұмысты жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізу;

6) мекеменің педагог және психолог мамандарынан баланың оқу-тәрбие мәселесі жөнінде кеңес алуға құқылы;

81. Ата-аналар (заңды өкілдер) Мекеменің:

1) Жарғы мен ішкі еңбек тәртібі ережелеріндегі өз құқығы мен міндеттеріне қатысты жағдайларды орындауға;

2) балалардың жақсы оқуына, тәрбиесіне жауап беруге, білім алуына қажетті жағдай туғызуға;

3) ата-аналар жиналысына қатысуға, мекеме әкімшілігінің немесе мұғалімнің шақыруы бойынша оқу-тәрбие үдерісі жөнінде жеке кеңес және нақтылы педагогикалық көмек алуға;

4) оқушының сабаққа қатысуын қамтамасыз етуге;

5) баласы келтірген материалдық залалды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен өтеуге;

6) оқушыны белгіленген үлгідегі мектеп және спорттық киімімен қамтамасыз етуге міндетті.

82. Мекеменің педагогикалық қызметкерлерінің құқықтары:

1) кәсіби қызмет ету жағдайында қамтамасыз етуге;

2) жалпы білім беретін мемлекеттік білім стандартын сақтай отырып педагогикалық әрекетті ұйымдастыру тәсілі мен түрін еркін таңдауға;

3) қызметтік өсу, санатын көтеру мақсатында кезектен тыс аттестаттаудан өтуге;

4) өзінің кәсіптік абыройы мен қадыр-қасиетін қорғауға;

5) педагогикалық қызметтегі жетістіктері үшін мемлекеттік наградалар, құрметті атақтар, сыйақылар мен атаулы стипендиялар түріндегі моральдық және материалдық жағынан көтермеленуге;

6) Мекеме әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдеріне шағымдануға;

7) Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен, сондай-ақ жалпы орта білім беру саласына қатысты өзге де нормативтік құқықтық актілермен регламенттелетін басқа да құқықтарға құқығы бар.

83. Мекеме қызметкерлері:

1) Мекеменің Жарғысын, ішкі еңбек тәртібі ережелерін, лауазымдық нұсқаулықтарын, қауіпсіздік техникасы ережелері және локалдық актілерін орындауға;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған тәртіппен өз функцияларын орындауда жеке жауапкершілік артуға;

3) көрсететін білім қызметінің сапасын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес қамтамасыз етуге;

4) өзінің кәсіптік құзыреті саласында тиісті теориялық және практикалық білімге және оқыту дағдыларына ие болуға;

5) оқыту сабақтарына мұқият дайындалуға, біліктілігін арттыруға;

6) кемінде бес жылда бір рет тиісті санатқа аттестаттаудан өтуге. Әрбір бес жылдан кейін біліктілік санатын растауға;

7) оқушыларды адамгершілік рухында, ата-аналарын сыйлауға, этномәдени құндылықтарды, қоршаған ортаны ықыласпен қорғауға тәрбиелеуге;

8) оқушылардың өмірлік дағдыларын, құзыретін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттіліктерін дамытуға;

9) өзінің кәсіптік шеберлігін, зияткерлік, шығармашылық және жалпы ғылыми деңгейін үнемі жетілдіріп отыруға;

10) оқушылардың жеке және шығармашылық қабілеттіліктерін анықтауға және дамытуға жәрдемдесуге;

11) оқу құжаттамасын жүргізуге, бақылау жұмыстарының есептерін, талдауларын уақтылы тапсыруға және т. б.;

12) медициналық тексеруден өтуге;

13) салауатты өмір салтын ұстануға және оны оқушылардың арасында насихаттауға;

14) оқушылардың, олардың ата-аналарының ар-намысын және қадір-қасиетін сыйлауға;

15) педагогика әдеби нормаларын сақтауға міндетті.

84. Міндетін және педагогика әдебін бұзғаны үшін педагог қызметкер Қазақстан Республикасының заңнамасында және еңбек шартында көзделген жауаптылыққа тартылуы мүмкін.

85. Еңбек ұжымы мүшелері негізгі жұмыс орны Мекеме болып табылатын тұлғалар (басшы және оның қызметкерлері). Біліктілік талаптарына жауап беретін кез келген азаматы Мекеменің қызметкері бола алады.

86. Педагог қызметкерлерді Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, олардың кәсіби міндеттерін орындаумен байланысы жоқ жұмыс түрлеріне тартуға жол берілмейді.

87. Мекемеде жұмыс істеуге сот үкімімен немесе медициналық қорытындымен педагогикалық қызметке тыйым салынған адамдар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен соттылығы өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адамдар жіберілмейді.

88. Педагог қызметкерлерге оқыту үрдісін саяси үгіттеу, діни насихаттау немесе оқушылардың Қазақстан Республикасының заңдарына және Конституциясына қайшы келетін әрекеттерге баруына тиек болу мақсатында пайдалануға тыйым салынады.

89. Педагогтардың және басқа да педагог қызметкерлердің оқу жүктемесінің көлемі оқу жоспары мен бағдарламалары бойынша сағат саны, кадрлармен қамтамасыз етілу, Мекемедегі басқа да нақты жағдайлар негізге алына отырып, белгіленеді.

90. Мекеменің басшысы мен қызметкерлері арасындағы өзара қарым-қатынас еңбек шартының негізінде жүзеге асырылады. Мекемедегі еңбек қатынастары Қазақстан Республикасының Еңбек кодексімен, сондай-ақ «Білім

туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі. Еңбек шартының талаптары Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

9. Мекеме қызметкерлерінің еңбек тәртібі

91. Педагог қызметкерлердің жұмыс уақыты негізгі және қосымша сабақ кестесімен, үйірмелермен және басқа да іс-шаралармен анықталады.

Жылдық оқу жүктемесі оқу жылының басында тарификациялық тізімді бекіту арқылы белгіленеді.

92. Ауысым бойынша жұмыс істейтін қызметкерлердің жұмыс уақыты заңнамада белгіленген нормалар шегінде бекітілген кестемен анықталады.

93. Қалған қызметкерлердің жұмыс аптасының ұзақтығы аптасына 40 сағатты құрайды.

94. Мекеменің жұмыс тәртібі ішкі еңбек тәртібінің қағидаларымен белгіленеді және Қазақстан Республикасы еңбек заңнамасының нормаларына қайшы келмеуі тиіс.

10. Мекеменің мүлкін ұйымдастыру және қызметін қаржыландыру тәртібі

95. Мекеменің мүлкін заңды тұлғаның активтері құрайды, оның құны балансында көрінеді. Мекеменің мүлкі мыналар:

1) оған құрылтайшының берген мүлкі;

2) өзінің жеке қызметінің нәтижесінде сатып алынған (ақшалай табысты қоса алғанда) мүлік;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де көздердің есебінде қалыптасады.

96. Мекеме өзіне бекітілген мүлікті және өзіне смета бойынша бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзге де тәсілімен билік етуге құқығы жоқ.

97. Білім беру ұйымдарының қаржы көзі Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін ақылы білім беруден түскен кірістер, демеушілік және қайырымдылық көмек, өтемсіз аударымдар мен қайырымдылықтар, гранттар болып табылуы мүмкін.

98. Мекеменің қызметін жергілікті бюджет әкімдігі қаржыландырады.

99. Мекеме бухгалтерлік есеп жүргізеді және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептілік ұсынады.

100. Мекеменің қаржы-шаруашылық қызметін тексеру және ревизиялау Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

101. Мекеме уәкілетті органның алдында оған бекітіліп берілген мүліктің сақталуына және тиімді пайдалануына жауаптылық артады.

11. Құрылтай құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі

102. Мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу әкімдіктің шешімімен жүргізіледі.

103. Мекеменің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркеледі.

12. Мекемені қайта құру және тарату шарттары

104. Мекемені қайта ұйымдастыру және тарату әкімінің шешімі бойынша жүргізіледі.

105. Мемлекеттік заңды тұлға, заңнамалық актілермен басқа да негіздер бойынша таратылуы мүмкін.

106. Коммуналдық мемлекеттік мекемені қайта ұйымдастыруды және таратуды жергілікті атқарушы орган жүзеге асырады.

107. Кредит берушілердің талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған таратылған мемлекеттік мекеменің мүлкін мемлекеттік мүлік жөніндегі уәкілетті орган қайта бөледі.

108. Таратылған мемлекеттік мекеменің мүлкін өткізу нәтижесінде алынған қаражатты қоса алғанда, осы мекеменің кредиторлардың талаптары қанағаттандырылғаннан кейін қалған ақшасы тиісті бюджет кірісінің есебіне жатқызылады.

Приложение 2
к постановлению акимата
города Нур-Султан
от «__» _____ 2019года
№ _____

УСТАВ
Коммунального Государственного учреждения
«Специальная школа № 2» акимата города Нур-Султан

1. Общие положения

1. Коммунальное Государственное учреждение «Специальная школа № 2» акимата города Нур-Султан (далее – Учреждение) является некоммерческой организацией, обладающей статусом юридического лица, созданной в организационно – правовой форме учреждения для осуществления образовательных функций, комплекса педагогических, медицинских, правовых мер, направленных на поддержку детей с ограниченными возможностями в развитии и обучении.

2. Вид государственного учреждения: коммунальное.

3. Учреждение создано на основании решения Областного исполкома от 26 апреля 1974 года № 12/4 «О реорганизации восьмилетней школы № 26 во вспомогательную школу-интернат № 2».

4. Учредителем Учреждения является акимат города Нур-Султан, принимающий решение о создании государственного учреждения, а также осуществляющий по отношению к нему функции субъекта права государственной собственности.

Органом государственного управления государственным учреждением, является государственное учреждение «Управление образования города Нур-Султан» (далее - Уполномоченный орган).

5. Учреждение в своей деятельности руководствуется Конституцией Республики Казахстан, законами Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», «О государственном имуществе», «Об образовании», «О правах ребенка в Республике Казахстан», «О социальной и медико-педагогической коррекционной поддержке детей с ограниченными возможностями», Типовыми правилами деятельности специальных организаций образования, другими нормативными правовыми актами Республики Казахстан и настоящим Уставом.

6. Полное наименование Учреждения: Коммунальное государственное учреждение «Специальная школа № 2» акимата города Нур-Султан.

Сокращенное наименование Учреждения: КГУ «Специальная школа № 2» акимата города Нур-Султан.

7. Юридический адрес Учреждения: Республика Казахстан, 010000, город Нур-Султан, район «Сарыарқа», улица Джангильдина, 9.

2. Юридический статус Учреждения

8. Учреждение считается созданным и приобретает права юридического лица с момента его государственной регистрации.

9. Учреждение имеет самостоятельный баланс, счета в органах казначейства Министерства финансов Республики Казахстан в соответствии с законодательством Республики Казахстан, бланки, печати с изображением Государственного Герба Республики Казахстан и наименованием Учреждения.

10. Учреждение не может создавать, а также выступать учредителем (участником) другого юридического лица.

11. Учреждение отвечает по своим обязательствам находящимися в его распоряжении деньгами. При недостаточности у Учреждения денег субсидиарную ответственность по его обязательствам несет административно-территориальная единица средствами соответствующего бюджета.

12. Гражданско-правовые сделки Учреждения вступают в силу после их обязательной регистрации в территориальных подразделениях казначейства Министерства финансов Республики Казахстан.

3. Предмет, цели и виды деятельности Учреждения

